


**Тоқыма
өндірісінің негізгі
даму бағыттары**





БҮГІНДЕ КИІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР КҮН САЙЫН ӨСІП КЕЛЕ ЖАТЫР. ОЛ ФОРМАСЫ БОЙЫНША САПАЛЫ, ФУНКЦИОНАЛДЫ, КИГЕНДЕ ҮЙГЕЙЛІ, ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ЗИЯНСЫЗ БОЛУЫ КЕРЕК. СОНЫМЕН ҚАТАР СОҢҒЫ КОМФОРТТЫ БЕРІП, БЕЛГІЛІ БІР ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҮЛГІНІ ҚҰРАУ КЕРЕК. ОСЫ ТАЛАПТАРДЫҢ БӘРІНЕ ДЕ ТРИКОТАЖДЫҚ КИІМДЕР ӨТЕ ЖАҚСЫ ЖАУАП БЕРЕ АЛДЫ.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ТРИКОТАЖДАН КИІМ ҮЛГІЛЕРІНІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ДАЙЫНДАУҒА БОЛАДЫ ЖӘНЕ КИІМДЕРДІҢ КӨПТЕГЕН ПАРАМЕТРЛЕРІ БОЙЫНША ДА ОРЫН АЛАДЫ



Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары факторларын талдау, тоқыма өнеркәсібі – даму келешегі бар жеті саланың бірі екенін көрсетті. Бұл - еліміздегі тоқыма секторын жаңартуға және дамытуға түрткі болды, бұл өз кезегінде көпжылдық тоқыма дәстүрі мен тұрақты дамып тұратын нарықтық сұраныстың үйлесуі арқылы осы саланың динамикалық дамуы мен өміршеңдігін қамтамасыз етеді.





- Тоқыма өндірісінің шикізатты дайындаудан бастап, иірілген жіпті, матаны және киімді дайындауға дейінгі барлық сатыларына 2009 жылдан бері инвестицияның құйылуы өндіріс қуатын төрт есеге арттырады.





- Тоқыма өнеркәсібі дамуының маңызды әлеуеті Оңтүстік Қазақстанда. Тек осы аймақта қоза мен мақта талшығын өндіреді. Шардара ауданында американдық жабдықтармен жабдықталған жаңа заманауи мақта өңдеу зауытын ашу жоспарлануда. Ол бұған дейінгі зауыттарға қарағанда түбегейлі түрде басқаша болады.



- Ең маңыздысы, тоқыма өнеркәсібі үшін аса маңызды талшықтың сапасындағы айырмашылық, бұл енді Оңтүстік Қазақстанның тауарлық маркасы болуға дайын. Бұған қоса, бүгінгі күннің өзінде екі маңызды тоқыма жобасын жүзеге асыру басталып кетті және жақын арада осы өңірде алты ірі тоқыма компаниясы жұмыс істейтін болады.



Ресейлік компаниялардың тарапынан сұранысқа ие бола отырып, киім өндірісі қарқынды дамуда. Осының барлығы Оңтүстік Қазақстанда жаңа тігін цехтары мен фабрикаларының пайда болуына әкеледі. Ал тұрақты тігін өндірісінің болуы – бұл мата мен иірілген жіпке деген сұраныстың кепілі.



Тоқыма бұйымдары өндірісі дамуының оң үрдісі тоқыма саласының дамуына байланысты. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша тоқыма өнеркәсібі 2012 жылы 291,7 млн АҚШ доллары көрсеткішіне жетсе, өнімнің нақты көлемінің индексі 2011 жылғы осы кезеңдегі 116,7 млн АҚШ доллары көрсеткішімен салыстырғанда 108,3% құрады (өнеркәсіптік өндіріс көлемі - 107,1 %). Егер жекелеген секторлар бойынша қарасақ, киім 147,1 млн АҚШ доллары (өнеркәсіптік өндіріс көлемі - 109,2 %), былғарыдан жасалған бұйымдар - 27,9 млн АҚШ доллары (өнеркәсіптік өндіріс көлемі - 120,2%).



- **Тоқыма өнеркәсібі** – Қазақстанның өнеркәсіптік инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясындағы басымдығы жоғары салалардың бірі. «Жол картасы - 2020» бағдарламасының мәліметтері бойынша 2012 жылы жалпы сомасы 18,3 млн АҚШ доллары көлемінде 23 тоқыма жобасына қолдау көрсетілді.



Қазіргі уақытта Дүниежүзілік Банк бағдарламасының барысында тоқыма өнеркәсібі мамандарының құзыреттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 5 мамандыққа арналған кәсіби стандарттарды жасау жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда жалпы сомасы 168,5 млн долларға тоқыма өнеркәсібі саласының 12 жобасы жүзеге асырылып жатыр.



**Назарларыңызға
рақмет!**